

Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 178 "2024-2026 жылдарға арналған Тоғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 наурыздағы № 217 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 178 "2024-2026 жылдарға арналған Тоғыз ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Тоғыз ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 54454,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2674,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 51780,0 мың теңге;

2) шығындар – 54704,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттер – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -250,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 250,8 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 250,8 мың теңге.",

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2024 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 51707,0 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферт сомасын бөлу Тоғыз ауылдық округ әкімі шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының төрағасы

С. Бигеев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы
15 наурыздағы № 217 шешіміне
қосымша

Шалқар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
29 желтоқсандағы № 178
шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған Тоғыз ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			I.Кірістер	54454,0
1			Салықтық түсімдер	2674,0
	01		Табыс салығы	160,0
		2	Жеке табыс салығы	160,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2414,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	29,0
		3	Жер салығы	10,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2300,0
		5	Бірыңғай жер салығы	75,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	100,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	100,0
4			Трансферттердің түсімдері	51780,0

	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	51780,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	51780,0
II. Шығындар				54704,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	51702,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	51702,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	51702,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	51702,0
05			Денсаулық сақтау	20,0
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	20,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20,0
			Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды	

			002	дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	20,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2982,3
	3			Елді-мекендерді көркейту	2982,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2982,3
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1740,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	842,3
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	400,0
15				Трансферттер	0,5
	1			Трансферттер	0,5
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,5
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	0,5
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-250,8
				IV. Бюджет тапшылығын	

			қаржыландыру (профицитін пайдалану)	250,8
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	250,8
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	250,8
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	250,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК